

2006 жылы жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 5/813 қаулысы. Алматы қалалық Әділет департаментінде 2005 жылғы 30 желтоқсанда N 688 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 30 желтоқсандағы N 8/1574 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-II "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-ші, 37-ші баптарына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149-II "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20-шы бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылы 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын іске асыру мақсатында, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2006 жылға ұйымдар және қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемінің тізімдері бекітілсін.

2. Алматы қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар Департаменті (Нұрланов А.Ж.):

қала бюджетінің 2006 жылы қоғамдық жұмыстарын өткізуге қарастырылған қаражат шегінде жұмыссыздарды 2006 жылдың қаңтарынан қоғамдық жұмыстарға жіберуін жүргізсін.

қоғамдық жұмыстағы жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу екінші дәрежелі банктердегі жеке есеп шоттарына аудару арқылы жүргізілсін.

3. Қоғамдық жұмысқа қатысатын жұмыссыздардың еңбекақысы ең төменгі айлық 1,5 жалақы мөлшерінде белгіленсін.

4. Алматы қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 17 қаңтарда реттік N 635 тіркелген, 2005 жылғы 25 қаңтарда N 15 "Вечерний Алматы", 2005 жылғы 25 қаңтарда N 9 "Алматы Ақшамы" газеттерінде жарыққа шыққан Алматы қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 7 қаңтардағы N 1/07 "2005 жылы жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қ.А. Бүкеновке жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Әкімдік хатшысы

Алматы қаласы әкімдігінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы

қаулысымен бекітілген

**Алматы қаласындағы 2006 жылдағы ұйымдар,
қоғамдық жұмыс көлемдері мен түрлерінің
ТІЗБЕСІ (келісімі бойынша)***

№	Жұмыс түрлері	істейтін адам саны	Жұмыс берушілер
1.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарына аумақтарын жинауға көмек беру	2645	"Ісмер", "Тұмар" пәтер иелері кооперативтерінің қауымдастықтары, коммуналдық шаруашылықтардың бөлімдері, аумақтық өзін-өзі басқару комитеттері, пәтер иелерінің кооперативтері, Бірлескен кәсіпорын "Белкамит" Акционерлік қоғамы, Бірлескен кәсіпорын "АИТ" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және т.б.
2.	Жол салу және оны жөндеу жұмыстары	96	Жол пайдалану учаскелері және т.б.
3.	Аймақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және көркейту)	286	"Көгалдандыру" ("Зеленстрой") Акционерлік қоғамы, "Тәртіп" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, экологиялық инспекция, салттық қызмет көрсету комбинаты және т.б.
4.	Аймақтық қоғамдық науқандарын ұйымдастыруға көмек көрсету	1836	Құқық қорғау органдары мен ерікті халық жасақшыларына жәрдемдесу қоғамдық қоры, әділет басқармасы, қорғаныс істері басқармасы, жергілікті өзін-өзі басқару комитеттері, "Қазақ тілі" қоғамы және т.б.
5.	Қарт азаматтар мен мүгедектерге күтім жасау, балалармен жұмыс жасау және басқа да әлеуметтік қызмет көрсетуге байланысты жұмыстарды жүргізу	1137	"Дана" отбасын қолдау орталығы, "Қамқорлық" Дағдарыс орталығы, Мемлекеттік мекеме "СПИДтің алдын алу және оған қарсы күрес орталығы", Орта Азиялық тұрақты даму жөніндегі акпарат жүйесі, Балаларды қолдау орталығы, "Мөлдір" микронесиелік ұйым жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Мүгедектер қоғамы, Аулалық клубтар, Балалар шығармашылық үйлері, Көп балалы аналар одағы, қайырымдылық қоры, "Қазақстан Республикасының ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі, Қазақстан Республикасының Зағип азаматтарының республикалық кітапханасы, "Орталық Азиялық менеджмент және консалтинг офисі" оқу орталығы және т.б.
	БАРЛЫҒЫ	6000	

* Жұмыс түрлеріне қатысатын адам саны, қатысу ұзақтығы сұраныс пен ұсынысқа қарай қоғамдық жұмыстарды өткізуге 2006 жылы қала бюджетінде қарастырылған қаражат шегінде өзгеруі мүмкін.

Жұмыссыздарды қоғамдық жұмыста пайдаланатын ұйымдар қосымша ақы төлей алады. Қолданыстағы халықты жұмыспен қамту заңының қоғамдық жұмыстарда еңбекке ақы төлеу бөлігінде өзгерістер болған жағдайда еңбекақының мөлшері өзгеруі мүмкін.

Әкімдік хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК